

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6D050700 – Менеджмент мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Шен Буленттің «Қазақстанда электронды сауданы басқару жүйесін жетілдіру» атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, экономика ғылымдарының докторы, профессор С.С.Ыдырыстың**

## **П І К І Р І**

Заманауи әлемде электронды сауда арқылы сауда қатынастары біртіндеп күнделікті өмірдің бір бөлшегіне айналууда. Бүгінгі таңда адамдардың басым көпшілігі қажет тауарларды интернет арқылы сатып алауға бейімделіп, тұтыну тауарларын жеткізіп беру қызметіне дейін пайдалануда. Уақыт үнемділігі мен құны бойынша электронды сауда дәстүрлі сауда-саттыққа қарағанда тиімді сауда құралына айналды, өйткені қазір барлық транзакцияларды онлайн режимінде жасауға болады.

Қазіргі уақытта Қазақстан әлемге таралған COVID-19 пандемиясының теріс әсеріне қарамастан, өзінің дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты, бұл электронды саудада бұрын соңды болмаған өзгерістерге әкелді. Сонымен қатар Қазақстанның әлемдік экономикаға интеграциялануының деңгейін көтеру үшін электрондық коммерцияның дамуы біз үшін маңыздылығы өте жағары. Сондықтан елімізде сауданы басқару жүйесін жетілдіру өзекті болып табылады.

Осы мақсатта диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарларымен, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасымен және Электрондық коммерцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі жол картасымен байланысы бар.

Айта кетерлігі, Қазақстан Республикасының премьер-министрі Асқар Мамин «электрондық коммерция экономикалық өсу локомотивтерінің бірі ретінде қарастырылуы керек» деп атап өтті. Бірқатар сарапшылар ғаламдық электронды сауда нарығының 2023 жылға қарай 2,8 трлн долларға дейін өсуін болжайды.

Қазіргі уақытта Қазақстан электронды сауданы дамыту бойынша Орталық Азиядағы ең жақсы көрсеткіштерге ие, бұл көрсеткіш жыл сайын 55 пайызға өседі, бұл көбінесе елдегі интернет пен электрондық платформалардың жақсы дамуына байланысты. Болжамдарға сәйкес, төрт жылдан кейін Қазақстанның сауда саласындағы электрондық коммерция үлесі 2 трлн теңгеге жетіп, 24 пайызды құрайды деп болжануда.

Б.Шеннің диссертациялық жұмысында қарастырылған мәселелер отандық экономика ғылымы үшін өзінің өзектілігімен, маңыздылығымен ерекшеленетін тың еңбек болып табылады. Зерттеу жұмысының белгіленген мақсаты мен міндеттері тақырыптың өзектілігінен туындайды және жұмыстың жаңашыл мазмұнын айқындайды. Диссертациялық жұмыстың идеялық өзегі ретінде қарастырылған электронды сауданың теориялық және ұйымдастырушылық аспектілері нақты басқарушылық тәжірибемен тығыз байланыстығы,

үйлесімділігі айқындалған. Диссертациялық жұмыста келтірілген материалдардың теориялық қана емес, сонымен қатар практикалық маңыздылығын да айтарлықтай арттырады.

Диссертант зерттеу жұмысында Қазақстандағы электронды сауданың дамуын салыстырылған, электронды сауда дамуындағы басқару үдерісі бойынша қазақстандық және шет елдік авторлардың еңбектеріне негізделі отырып, тәжірибелік зерттеулер жүргізген, электронды сауда дамуындағы басқару жүйесіндегі мәселелері бойынша пікірлерін жинақтаған.

Докторанттың тақырып бойынша жасаған тұжырымдары және алынған нәтижелердің дәйектік және деректік тұрғыда негізделуі мен дәлелденуі қисынды, қорғауға ұсынған тұжырымдары да жұмыс мазмұнымен тығыз байланысты жасалған Сондықтан да Б.Шеннің «Қазақстанда электронды сауданы басқару жүйесін жетілдіру» атты ғылыми жұмысы бүгінгі күннің талабына сай орындалған құнды еңбек.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында Булент Шен отандық және шетел ғалымдарының ғылыми мақалаларын оқып үйренді, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде өздігінше жұмыс істеу мен шығармашылық жолы барлығын көрсетті.

Барлық ғылыми нәтижелер бойынша ашық баспада 10 ғылыми еңбек жарық көрген. Олардың 6-ы ХФП конференцияларында, соның ішінде 2-і шетелдік конференцияларда, соның ішінде 3-і ҚР БЖҒМ білім саласындағы бақылау комитетімен ұсынған басылымдарында және 1-і SCOPUS базасына енген шетелдік журналдарда жарық көрген.

Қорытынды ретінде «Қазақстанда электронды сауданы басқару жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы Булент Шеннің диссертациялық жұмысын PhD докторлық диссертацияларына қойылатын талаптарға сай және «6D050700 - Менеджмент» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші**

**Қ.А.Ясауи атындағы**

**Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
профессоры, экономика ғылымдарының  
докторы**

